

Ғ.Р. Даулиева, э.ғ.к., профессор

Д.Н. Ақылбексова*, магистр

Г.К. Андабаева, э.ғ.к., доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

E-mail: danaakylbekova13@gmail.com)

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ БАҒАЛАУ (Шығыс Қазақстан облысы бойынша)

Мақалада Шығыс Қазақстан облысының туризм саласындағы инновациялық әлеуеті бағаланады. Инновациялық әлеует кез келген экономикалық жүйенің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуші фактор ретінде маңызды. Бүгінгі таңда туризм саласы әлемдік деңгейде дамытуға мүдделі мемлекеттің басым бағыттарының біріне айналды. Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан облысындағы туризм саласындағы инновациялық әлеуетті бағалау үшін туризм тақырыбына қатысты ақпараттар зерделеніп, соның негізінде облыстың инновациялық әлеуеті бойынша тұжырымдар жасалды. Бұл үдерісті талдау үшін әртүрлі әдістер қолданылды, оның ішінде: абстрактілі-логикалық әдіс, жалпылау, талдау және салыстыру әдістері, зерттеудің экономикалық және статистикалық әдістері бар. Сонымен қатар, инновациялық әлеуетті бағалау негізгі бес көрсеткіштің негізінде жасалынды. Олар: ғылыми-білім беру, кадрлық, инвестициялық, институционалдық және ұлттық байлық. Шығыс Қазақстан облысының ерекше табиғаты осы өңірде туризмнің көптеген түрін дамытуға мүмкіндік береді. Статистикалық деректерге сүйенсек, жыл сайын облыстағы туризм саласының барлық көрсеткіштерінің өсуі байқалады. Бірақ, алынған нәтижелердің негізінде облыс бойынша қызмет көрсету, инфраструктура және тағы басқа маңызды қажеттіліктерді әлі де жетілдіру керектігін байқауға болады. Осыған орай, мақала соңында Шығыс Қазақстан облысының туризм саласындағы инновациялық әлеуетінің деңгейін арттыруға бағытталған ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: инновациялық әлеует, инновация, туризм, әлеует, экономика, бәсеке, кәсіпорын, бағалау көрсеткіштері.

Ключевые слова: инновационный потенциал, инновации, туризм, потенциал, экономика, конкуренция, предприятие, показатели оценки.

Keywords: innovation potential, innovation, tourism, potential, economy, competition, enterprise, evaluation indicators.

JEL classification: O30, O31, O32, O33

Кіріспе. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің біріне айналуы барысында еліміздің стратегиялық маңызды міндетін шешу контекстінде жеке тұлғаның негізгі функционалдық қасиеттері – бастамашылдық, креативті ойлау және стандартты емес шешімдерді табу қабілеті, кәсіби жолды таңдай білу, өмір бойы білім алуға деген ынтасы тұрады [1]. Еліміздің экономикалық деңгейіне әсер ететін маңызды салалардың бірі - туризм. Туризм саласына қазіргі күні барынша көңіл бөлінуде. Туризм - дамудың альтернативті түрі, туризм саласын дамыта отырып, ЖІӨ көлемін арттыру өзекті. Ұлттық байлықты ұлғайту арқылы жұмыс пен жалақы мөлшерін оң жаққа өзгерту бүгінгі уақытта ең өзекті мәселелердің бірі.

Мақаланың мақсаты Шығыс Қазақстан облысы бойынша туризм саласындағы инновациялық әлеуетті бағалау және қазіргі жағдайына талдау жасау болып табылады. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды: инновациялық әлеует түсінігінің мәнін ашу, факторларын, құрылымын бағдарлау; инновациялық әлеуеттің туризм саласындағы рөлін анықтау; Шығыс Қазақстан облысындағы туризм саласының қазіргі инновациялық әлеует жағдайына талдау жасай отырып, осы саланы жетілдіру үшін инновациялық әлеуетті дамыту жолдарын анықтау.

Инновациялық әлеуеттің туризмге әсерін талдау барысында бірнеше зерттеу әдістері пайдаланды. Оның ішінде ең бірінші инновациялық әлеует туралы ақпарат беретін деректер базасы арқылы салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Шығыс Қазақстан облысының ресми статистикалық деректер ақпарат көздері ретінде алынды. Қойылған мақсатқа жету үшін абстрактілі-

логикалық әдіс, жалпылау, талдау және салыстыру әдістері, зерттеудің экономикалық және статистикалық әдістері қолданылды.

Инновациялық әлеуетті бағалау үшін ғылым және білім беру, кадрлық, инвестициялық, институционалдық және ұлттық байлық сияқты негізгі бес көрсеткіш пайдаланылды. Ғылым және білім беру көрсеткішінде жоғары және орта оқу орындарының ішіндегі туризм секторы үшін кадрлар даярлау мәселесі қарастырылды. Кадрлық әлеует көрсеткіші бойынша облыстың туризм индустриясында жұмыс істейтін жұмысшылардың саны есепке алынып, туризм кадрларын қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және аттестациялауды қаржыландыру көлемі талданды. Инвестициялық әлеует көрсеткішіне жыл сайын облысқа келетін туристік ағынның көлемі мен туристік түсімдердің үлесі зерделенді. Демалыс және туризм саласындағы жобалар саны институционалдық әлеует ретінде қарастырылды. Тарихи ескерткіштер және ұлттық табиғи парктер саны ұлттық байлықтың көрсеткіштерінің негізін құрады. Жоғарыдағы көрсеткіштердің жәй-күйін көрсететін статистикалық деректерді талдаудың нәтижесінде туризм саласындағы инновациялық әлеуетті бағалау мүмкін болды.

Әдебиеттік шолу. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттелетін тақырыпқа байланысты еңбектерін негізге алдық. З. Нургалиева, А.А.Аманбаева, Р.А. Малаева, Ж.А. Бабажанова сияқты зерттеушілердің туризмдегі кәсіпкерлік қызметті дамыту шарттары мен факторларына қатысты еңбегін ерекше атауға болады [2].

ҚазЭҚХСУ хабаршысының онлайн мұрағатындағы мақалаларды саралау барысында туризм саласына және осы салаға қатысы бар ғылымға ден қойған бірнеше отандық зерттеушілердің еңбектерін байқадық. Туризм саласы экологиялық мәдениетпен де тығыз байланысты, осы бағытта зерттеу жүргізген А.Ж. Болатова, К.О. Шайхеслямованың [1] еңбектерін атап өтуге болады. Туризмнің мемлекет экономикасы үшін маңыздылығын зерттей отырып, сол бағытта құнды пікірлерін білдірген шетелдік ғалымдардың қатары көп. Солардың бірі – Della Corte [3], ол туризмді әртүрлі көлемдегі компаниялар жұмыс істейтін өнімдер мен қызметтерден тұратын сектор және ол үнемі кеңейіп, оны бүкіл әлемде үлкен салмағы бар экономикалық секторға айналдырады деп маңыздылығын атап көрсеткен.

Туризм саласының қарқынды және сапалы дамуында инновациялық әлеуеттің алатын орны туралы Bart van Ark [4] зерттеулерінен кездестіруге болады. Олар қызмет көрсету саласындағы инновациялық әлеуеттің маңыздылығы туралы: «Қызмет көрсетудің инновациялық әлеуеті жаңа қызмет түрлерінің тұжырымдамасын, тұтынушылармен жаңа қарым-қатынас үлгілерін және жаңа тарату жүйелерін технологиялық шешімдер ретінде анықтауға болады. Туризм бүкіл әлемде қарқынды түрде дамып келе жатқан, қоғамда маңызды әлеуметтік феноменді құрайды. Ол жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға, жұмыс орындарын құруға, жаңа инвестицияларға қаражаттың болуына, инфрақұрылымды жақсартуға және кеңейтуге және т.б. үлкен үлес қосады және экономикалық және әлеуметтік дамудың құралы ретінде қарастырылады» деп тұжырымдаған.

X. Si, және Z. Tang [5] есімді шетелдік зерттеушілер соңғы уақытта инновациялық әлеуетті туризм саласында қарқынды түрде дамыту экологиялық мәселелерге қатысты екенін айтқан және оның маңыздылығын былай сипаттаған: «Туризмнің қоршаған ортаға әсерін зерттеу әдетте тәуелсіз емес, туристік экономиканың өсуімен байланысты. Басқаша айтқанда, туризмнің қоршаған ортаға әсерін қарастырудың түпкі мақсаты оны тұрақты салаға айналдыру болып табылады». Жоғарыда көрсетілген әдебиеттердің негізінде туризм саласының инновациялық әлеуетін зерттеу мәселесі ғылым саласында актуальды деген қорытынды жасауға болады.

Негізгі бөлім. Қазақстанда туризмді дамыту және реттеу үшін 2024 жылдың наурыз айында 2023-2029 жылдарға арналған туристік саланы дамыту жөніндегі тұжырымдама қабылданды [6]. Тұжырымдама шеңберінде 2029 жылға қарай туристік саланың ұлттық құндылық ретінде қалыптасуы және ел экономикасына қосатын үлесін 8%-ға арттыру міндеті қойылады, бұл Қазақстанның экономикалық дамуының басым бағыты екенін көрсетеді [2].

Инновациялық әлеует – инновациялық қызметтердің қойылған мақсатына жету жолында қажетті функцияларымен сипаты бойынша түрлі болып келетін кәсіпорындардың ресурстарының жалпы жиынтығы [7]. Инновациялық әлеует – кәсіпорындардың дамуы үшін әсер ететін ең маңызды құралдардың бірі. Бүгінгі күні елімізде әр саланың инновациялық әлеуетіне орасан зор көңіл бөлінуде. Оның барлығы тікелей саланың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді және шаруашылық субъектілерінің инновациялық белсенділігін анықтайды. Бұл жекелеген

кәсіпорындарға, аймақтарға, салаларға және тұтастай алғанда бүкіл халық шаруашылығына қатысты. Ол инновациялық өсу мүмкіндіктерін және инновациялық жобаларды жүзеге асыру перспективаларын көрсетеді [8].

Туризм саласындағы инновациялық әлеуетін бағалау келесі көрсеткіштерді бағалау негізінде жүзеге асырылады. «Ensuring sustainable development of the industrial enterprise by increasing its innovative potential» [9] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған туризм саласындағы инновациялық әлеуетін бағалау көрсеткіштерін 1-кестеден көруге болады.

Кесте –1

Туризм саласындағы инновациялық әлеуетін бағалау көрсеткіштері *



* Дереккөз: [9] негізінде автормен құрастырылған.

Инновациялық әлеуетті бағалау барысында ғылыми-білім беру әлеуетінің ішінде жоғары және орта оқу орындарының саны кәсіби білім беру, туризм секторы үшін кадрлар даярлау көрсеткіштеріне баса назар аударылуы керек. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің 2022-2023 жылғы қорытындылары бойынша «Туризм», «Мәдени-демалыс жұмысы», «Мейрамхана және қонақүй ісі» мамандықтары бойынша 31 адамды бакалавриат дәрежесінде білім алады. Жоғарыдағы мәліметтердің нәтижесінде туризм саласы қазір кәсіби мамандарға өте мұқтаж деген қорытынды жасауға болады. Алайда, биылғы берілген статистикалық мәліметтер өткен жылдардағы мәліметтерге қарағанда біршама жақсарған, нақтырақ айтқанда 1042 адам бакалавр дәрежесіне қабылданған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысымен қабылданған «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» облыстарды дамыту бағдарламалары шеңберінде туристік орталықтарындағы тұрғындарының, әсіресе жастардың адами капиталын арттыру бойынша қосымша шаралар іске асырылатын болады деп айтылған. Бұл сол аймақтардың жастарының ірі қалалардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына, шекара маңындағы аймақтардан халықтың көшуін тежеу және ол жерлердің тұрғындарының сандарын арттыру бойынша арнайы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Төменде берілген кестеде қызметкерлердің саны және маусымдық қызметкерлердің саны бойынша республикалық және Шығыс Қазақстан облысының 2022-2023 жылғы көрсеткіштерін 2-кестеден көруге болады. Екі жылды салыстыратын болсақ, 2023 жылы өсу қарқыны 2,3% болғаны байқалды. ШҚО-ның көрсеткіштері 2023 жылғы орташа алғандағы қызметкерлердің тізімі бойынша 4,93% үлесін құраса, маусымдық қызметкерлердің саны бойынша 6,7% қамтиды.

2022-2023 жылғы туризм саласындағы қызметкерлер саны *


Жыл	Аймақ	Орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны, адам			Маусымдық қызметкерлер, адам
		Барлығы	Оның ішінде тұрақты жұмысшылар		
			Ерлер	Әйелдер	
2022 жыл	Қазақстан республикасы	28 879	10 315	18 564	397
	Шығыс Қазақстан	1 163	395	768	56
2023 жыл	Қазақстан республикасы	29 787	10 443	19 344	4 092
	Шығыс Қазақстан	1 393	514	879	274

* Дереккөз: [10] негізінде автормен құрастырылған.

Шығыс Қазақстан облысының әкімшілігінің 2020 жылғы қорытындылары бойынша жыл сайын туризм саласындағы инновациялық әлеуеттің өсу серпіні байқалған, бұған ресми статистикалар дәлел бола алады. Ішкі туризм бойынша келушілер саны 11% - ға артып, 247 266 адамды құрады [10].

Шығыс Қазақстанның туризмді дамыту саласындағы әлеуеті жоғары. Мұнда жалпы аумағы 1 723 072 га, 600-ден астам тарихи ескерткіштер және 100-ден астам туристік ескерткіштер бар. Жалпы республикалық маңызы бар 24 қоршаған ортаны қорғау аймағы шығыс аумағында орналасқан. Ең маңызды туристік орындары ретінде, Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Батыс Алтай қорығы, Марқакөл қорығы және Белуха тауы, Күршім өзенінің бассейні, сонымен қатар көптеген тарихи және мәдени ескерткіштерін айтуға болады.

Инновациялық әлеуеттің жетілуін тікелей туристтердің қажеттіліктерін қанағаттандырумен бағалауға болады. Оның ішінде, қызмет көрсету саласы, ұсынылатын төсек-орындар саны, тамақ және жеткізу қызметтері маңызды орынға ие. Осы тұста, облыс көлеміндегі келушілерге ұсынылатын төсек-орындар санын тәулік бойынша анықтау жүргізілді. Бұл көрсеткіштен туризм саласындағы инновациялық әлеуеттің жағдайын көруге болады. Республика көлемінде тәулігіне барлығы 9 681 523 төсек-орны ұсынылады (1-сурет). Алғашқы орындарда Алматы қаласы, Астана қаласы және Ақмола облысы иеленген, ал зерттеу нысаны болып отырған ШҚО-ы төртінші орынды иеленген.



Сурет –1. Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2023 жылғы ұсынылған төсектер саны, тәулік *

* - сұрау нәтижесі бойынша автормен құрастырылған

Облыс көлемінде орналастыру орындарының барлық саны 625 822-ді құрады. Республика көлемінде облыстың орналастыру орындарының үлесі 6,46 % құрайды. Бұл облыстың инновациялық әлеуетін айтарлықтай қалыпты деңгейде екенін көрсетеді. 2023 жылғы мәліметтер бойынша туризм және қызмет көрсету саласында 50-ден астам кәсіпкер бары анықталды. Республика көлемінде туризм саласына қаржыландыру қарқынды түрде бөліну үстінде. Нақты Шығыс Қазақстан облысына бюджеттік бағдарлама бойынша туристік қызметті дамытуға 2021 жылы 17 миллион 400 мың теңге, 2022 жылы 23 миллион 200 мың теңге бөлінген [11]. 2023 жылдың соңғы 10 айында Шығыс Қазақстан облысында жолаушылар ағынының тұрақты өсімі байқалды. Яғни, жолаушылар көлігімен 68,2 млн адам тасымалданған, бұл көрсеткіш 2022 жылдың сәйкес

кезеңімен салыстырғанда 25%-ға артық. Қазақстан Алтайының аумағында ерекше назар аударуға тұрарлық аймақ ол – Алтай-Саян экологиялық аймағы. Бірегей ландшафтына және биологиялық әртүрлілігіне байланысты бұл аймақ «WWF Living Planet» халықаралық ұйымы анықтаған 200 басым жаһандық экологиялық аймаққа кіреді. Елдің ішкі жалпы өніміндегі туризмдегі инновациялық әлеуетінің үлесі әлі де аз. Жалпы ішкі өнімдегі тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның үлесі 2018 жылы - 1,8 %, ал 2019 жылы - 1,2 %-ды құрады. Әзірге туризм саласы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қауқарсыз болып отыр. Бүгінгі таңда туристерге қызмет көрсету саласында Қазақстан Республикасының жұмыспен қамтылған азаматтарының жалпы санының 5,8 пайызы ғана жұмыс істейді.

Ресми статистикаға сәйкес туризмді дамытудың өсу динамикасы 2020 жылға дейін жалғасты. 2020 жылы әлемдік пандемияға (коронавирус) байланысты облыс өнеркәсібінің даму көрсеткіштері төмендей бастаған. 2020 жылғы деректер негізінде туристер саны 352355 мың адамды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда (612689 мың адам) 42,4%-ға төмендегенін көрсеткен.

Өңірлерде туризмді дамыту үшін жұмыс істеу және даму мәселелеріне, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікті зерттеуге және аймақтың тарихи мұрасына назар аудару қажет [12]. Айтып өткеніміздей, инновациялық әлеуетті туризм саласында болуын әрбір тұтынушыға инфраструктура, сапалы қызмет көрсету деңгейінен байқай аламыз. 3-кестеде көрсетілгендей, 2022 және 2023 жылдар бойынша туристік орындаға туристтер қабылдау көрсеткіштері бойынша қай туристік орталыққа жиі баратынын біле аламыз және сол арқылы ол туристік орынның инновациялық әлеуеті басқа орындарға қарағанда әлде қайда жоғары екенін аңғаруға болады.

Кесте – 3

Шығыс Қазақстан облысы туристік объектілерінің туристерді қабылдауы *

Облыс	Кіру және ішкі келушілер саны (адам)	Оның ішінде		
		Орналастыру орындарында тоқтағандар (адам)	Санаториялық-курорттық ұйымдарда демалғандар (адам)	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға барғандар (адам)
2022 жыл				
Шығыс Қазақстан облысы	380 725	360 319	10 901	9 505
2023 жыл				
Шығыс Қазақстан облысы	392 926	370 054	12 312	10 560

* Дереккөз: [13] негізінде автормен құрастырылған.

Берілген мәліметтер арқылы келушілердің санының ең үлкен легі 2023 жылы болғанын көреміз. Әсіресе, Самар ауданына қарайтын Сарыбел ауылына жаз мезгілінде 50000-нан астам демалушылар болған. Қазіргі таңда демалу орындарына байланыс және интернет сымдарын орнатуда. Соның нәтижесінде резидент және резидент емес туристтердің саны жыл сайын артуда [14]. Дегенмен, туристтердің бір бөлігі гаджеттер мен қарбалас өмірден демалу үшін келеді. Облыста «Ескі Австрия жолы» кең тараған. Шетелдік және отандық туристер жол қиындығы бар жерлерді өздері таңдап, арнайы саяхаттауға келеді деген деректер бар.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының басқа аймақтарымен салыстырғанда туристерді орналастыру орындары саны бойынша алғашқы орында. 2020 жылдың деректеріне сүйенетін болсақ, облыста 550 орналастыру орны жұмыс істеді. Қызмет көрсетілген келушілер саны жыл сайын артып келеді және 2020 жылды 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырса 1,1%-ға артып, 84147 адамды құрады. Шетелдік туризм бойынша келушілер (резидент еместер) саны 25,4%-ға қысқарды және 3962 адамды құрады. Ішкі туризмге келушілер (резиденттер) саны 2,9%-ға өсті, 80185 адамды құрады [15].

Жоғарыдағы мәліметтер мен зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, Шығыс Қазақстан облысындағы туризмнің әлеуетінде даму тенденциясының байқалатынын көруге болады. Туризм

экономикалық дамудың маңызды саласы болғандықтан туристік нысандардың әлеуетін зерттеу және туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ғылыми жобаларды қолдау арқылы ғылыми зерттеулер жүргізуге әлі де көңіл бөлу қажет деп тұжырымдаймыз.

Қорытынды. Шығыс Қазақстан облысында статистикалық мәліметтер базасын зерттеу нәтижелері көрсеткендей, облыста туризм белсенді дамып келеді. Жыл сайын туризм саласындағы инновациялық әлеуеттің өсу тенденциясы байқалады, әсіресе уақыт өткен сайын шетелдік туристердің қызығушылықтары артып келеді. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып арнайы экономикалық аймақ құру, туристік бағыт бойынша кәсіпкерлікті дамыту, туристік маршрут жасау сол аймақтың әлеуметтік, экономикалық және демографиялық дамуын жоғарылатуға болады.

Шығыс Қазақстан облысында туризм саласындағы инновациялық әлеуетін бағалау нәтижесінде облыстағы инновациялық әлеуеттің кадрлық, институционалдық көрсеткіштерінің төмен екендігі анықталды. Шығыс Қазақстан облысы – өзінің табиғатымен әлемге әйгілі мекендердің бірі, облысқа қарайтын әр ауданға сай туристік жобаларды дайындау арқылы әлеуетті қазіргі жағдайдан да жоғары деңгейге жеткізе алатыны анық. Осыған орай, Шығыс Қазақстан облысының туризм саласындағы инновациялық әлеуетінің деңгейін арттыруға бағытталған келесі ұсыныстарды беруге болады:

- Инфрокұрылымды жақсарту қажет. Соның ішінде жолдарды жөндеу, көлік қатынасын жетілдіру және туристік нысандарды модернизациялау, яғни заман талабына сай реттеу.

- Цифрлық технологияларды енгізу керек. Облыс бойынша туристік карталар мен мобильді қосымшаларды әзірлеп, іске қосқан жөн. Нысандар туралы ақпараттарды ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде ұсынып, брондау және маршрут жоспарлау қызметтерін қосқан тиімді.

- Маркетинг пен халықаралық ынтымақтастықты арттыруға бағытталған жұмыстарды қолға алу керек. Ол үшін шетелдік инвесторларды тарту мақсатында бизнес-форумдар ұйымдастыруға болады.

Осы бағыттағы болашақ зерттеулерді тереңдету мақсатында Шығыс Қазақстан облысындағы нақты бірнеше туризм объектілерін нысанға алып, олардағы туризмді әртараптандыру тәжірибелерін қарастыру қажет деп есептейміз. Мысалы, туристік объектінің маусымдық туризмді дамыту стратегиялары, медициналық және сауықтыру шаралары, ұлттық мәдениетке, яғни этно-туризмге мән беру деңгейі сияқты бағыттарын зерттеу маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Болатова А.Ж., Шайхеслямова К.О. Ключевые компетенции экологической культуры личности // ВЕСТНИК Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2013. – №4. – С. 83–99. – URL:<http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/filevestnik/5b84718e9b24d2c5378b302198309ee9.pdf>

2. Нурғалиева З., Аманбаева А.А., Малаева Р.А., Бабажанова Ж.А. Условия и факторы развития предпринимательской деятельности в Туризме // ВЕСТНИК Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2024. – №1(54). – С. 35–42. – doi:10.52260/2304-7216.2024.1(54).5.

3. Della Corte V., Del Gaudio G., Sepe F., Sciarelli F. Sustainable tourism in the open innovation realm: a bibliometric analysis // Sustainability. – 2019. – №11(21). – 6114 p. – doi:10.3390/su11216114

4. Bart van Ark. We are grateful to referees and the editor for valuable comments. – URL: <https://www.productivity.ac.uk/wp-content/uploads/2020/12/TPI-working-paper-1-A-concerted-effort-van-Ark-Venables.pdf>

5. Si X., Tang Z. Assessment of low-carbon tourism development from multi-aspect analysis: a case study of the Yellow River Basin // China. – 2024. – №14. – 4600 p. – doi:10.1038/s41598-024-55112-7

6. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Концепции развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2023-2029 годы» от 28 марта 2023 года № 262. – URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262>

7. Кулмаганбетова А.С. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалау (Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнес субъектілері материалдарында): монография. Алматы: Adal kitap, 2022. – 154 б.

8. Жатқанбаев Е.Б., Абильгазиева А.Б. Инновациялық инфрақұрылымның қалыптасу кезеңдері: дамыған мемлекеттер және Қазақстан тәжірбиесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Экономика сериясы. – 2016. – № 2(2). – 114 б. – URL: <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/1509/1452>
9. Abdullaeva M. Ensuring sustainable development of the industrial enterprise by increasing its innovative potential // *Religación. Revista de ciencias sociales y humanidades*. – 2019. – С. 150–153. – URL: <https://core.ac.uk/download/pdf/305104713.pdf>
10. Шығыс-Қазақстан облысында ішкі туризм қарқынды дамуда. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/press/news/details/114078?lang=kk>
11. «Сколько тратят на развитие туризма в ВКО». – URL: <https://tengritravel.kz/my-country/skolko-tratyat-na-razvitie-turizma-v-vko-475826/?ysclid=lpwkbylumv554911969>
12. Крыкбаева Р.Н., Чельшев А.Н. Труды Катон-Карагайского государственного национального природного парка. – Усть-Каменогорск: ТОО «Профит», 2006. – № 1. – 278 с.
13. Qazstat. Информация по туристскому потоку страны. 13.08.2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/>
14. Шығыс Қазақстан облысында биыл шетелдік туристер легі 90%-ға артқан. – URL: <https://ustinka.kz/vko/ust-kamenogorsk/>
15. Шығыс Қазақстан облысының келушілер саны. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko?lang=kk>

REFERENCES

1. Bolatova A., Shaikheslyamova K. Klyuchevye kompetentsii ekologicheskoi kultury lichnosti [Key competencies of the ecological culture of personality] // *Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*. – 2013. – № 4. – S. 83–99. – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/file-vestnik/5b84718e9b24d2c5378b302198309ee9.pdf> [in Russian].
2. Nurgalieva Z., Amanbayeva A., Malayeva R., Babazhanova Z. Usloviia i factory razvitiia predprinimatelskoi deiatelnosti v turizme [Conditions and factors of entrepreneurial activity development in Tourism] // *Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*. – 2024. – № 1(54). – S. 35-42. – doi: 10.52260/2304-7216.2024.1(54).5 [in Russian].
3. Della Corte V., Del Gaudio G., Sepe F., Sciarelli F. Sustainable tourism in the open innovation realm: a bibliometric analysis // *Sustainability*. – 2019. – № 11(21). – 6114 p. – doi:10.3390/su11216114
4. Bart van Ark. We are grateful to referees and the editor for valuable comments. – URL: <https://www.productivity.ac.uk/wp-content/uploads/2020/12/TPI-working-paper-1-A-concerted-effort-van-Ark-Venables.pdf>
5. Si X., Tang Z. Assessment of low-carbon tourism development from multi-aspect analysis: a case study of the Yellow River Basin // *China*. – 2024. – №14. – 4600 p. – doi:10.1038/s41598-024-55112-7
6. Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan «Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiia turistskoi otrasli Respubliki Kazakhstan na 2023-2029 gody» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan «On approval of the Concept of development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029» dated March 28, 2023 № 262]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000262> [in Russian].
7. Kulmaganbetova A. Kasiporynnyn innovatsiyalyk aleuetin bagalau (Kazakstan Respublikasynyn shagyn zhane orta biznes subektileri materialdarynda): monografiya [Assessment of the innovative potential of the enterprise (in the materials of small and medium-sized businesses of the Republic of Kazakhstan): monograph]. Almaty: Adal kitap, 2022. – 154 b. [in Kazakh].
8. Zhatkanbayev E., Abilgazieva A. Innovatsiyalyq infraqurylymdy qalyptastyru kezenderi: damygan memleketter men Qazaqstannyn tazhibesi [Stages of formation of innovative infrastructure: experience of developed states and Kazakhstan] // *Kaznu Bulletin. Economy series*. – 2016. – №2(2). – 114 b. – URL: <https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/1509/1452> [in Kazakh].
9. Abdullaeva M. Ensuring sustainable development of the industrial enterprise by increasing its innovative potential // *Religación. Revista de ciencias sociales y humanidades*. – 2019. – P. 150-153. – URL: <https://core.ac.uk/download/pdf/305104713.pdf>
10. Şygys-Qazaqstan oblysynda ıshkı turizm qarqyndy damuda [Domestic tourism is developing rapidly in East Kazakhstan region]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/press/news/details/114078?lang=kk> [in Kazakh].

11. Skolko tratiat na razvitie turizma v VKO [How much is spent on tourism development in East Kazakhstan region]. – URL: <https://tengritravel.kz/my-country/> [in Russian].

12. Krykbaeva R., Chelyshev A. Trudy Katon-Karagaiskogo gosudarstvennogo natsionalnogo prirodnogo parka [Proceedings of the Katon-Karagai State National Natural Park] / - Ust-Kamenogorsk: PROFIT LLP, 2006. – №1. – 278 s. [in Russian].

13. Qazstat. Informatsiya po turistskomu potoku strany [Information on the tourist flow of the country]. 13.08.2024. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/> [in Russian].

14. Şygys Qazaqstan oblysynynda biyl şeteldik turister legi 90%-ga artqan. [In the East Kazakhstan region this year foreign tourist flow increased by 90%] – URL: <https://ustinka.kz/vko/ust-kamenogorsk/> [in Kazakh].

15. Şygys Qazaqstan oblysynyn keluşiler sany [Number of visitors in East Kazakhstan region] – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko?lang=kk> [in Kazakh].

Даулиева Г.Р., Андабаева Г.Н., Ақылбекова Д.К.

ОЦЕНКА ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА В СФЕРЕ ТУРИЗМА (по Восточно-Казахстанской области)

Аннотация

В статье оценивается инновационный потенциал Восточно-Казахстанской области в сфере туризма. Инновационный потенциал важен как фактор обеспечения конкурентоспособности любой экономической системы. Сегодня сфера туризма стала одним из приоритетных направлений государства, заинтересованного в развитии на мировом уровне. В ходе исследования была изучена информация по теме туризма для оценки инновационного потенциала в сфере туризма в Восточно-Казахстанской области, на основе которой были сделаны выводы по инновационному потенциалу области. Для анализа этого процесса использовались различные методы, в том числе: абстрактно-логический метод, методы обобщения, анализа и сравнения, экономические и статистические методы исследования. Кроме того, оценка инновационного потенциала была составлена на основе пяти основных показателей. Это: научно-образовательные, кадровые, инвестиционные, институциональные и национальные богатства. Уникальная природа Восточно-Казахстанской области позволяет развивать в этом регионе множество видов туризма. Согласно статистическим данным, ежегодно наблюдается рост всех показателей сферы туризма в области. Но, исходя из полученных результатов, можно заметить, что по области еще предстоит усовершенствовать основные потребности в обслуживании, инфраструктуре и так далее. В этой связи, в конце статьи были даны рекомендации, направленные на повышение уровня инновационного потенциала Восточно-Казахстанской области в сфере туризма.

Daulieva G., Andabayeva G., Akylbekova D.

ASSESSMENT OF INNOVATIVE POTENTIAL IN THE FIELD OF TOURISM (for the East Kazakhstan region)

Annotation

The article evaluates the innovative potential of the East Kazakhstan region in the field of tourism. Innovation potential is important as a factor in ensuring the competitiveness of any economic system. Today, the tourism sector has become one of the priorities of the state, which is interested in global development. During the study, information on the topic of tourism was studied to assess the innovative potential in the field of tourism in the East Kazakhstan region, on the basis of which conclusions were drawn on the innovative potential of the region. Various methods were used to analyze this process, including: abstract-logical method, methods of generalization, analysis and comparison, economic and statistical research methods. In addition, the assessment of innovation potential was based on five main indicators. These are: scientific and educational, human resources, investment, institutional and national wealth. The unique nature of the East Kazakhstan region allows the development of many types of tourism in this region. According to statistics, every year there is an increase in all indicators of the tourism sector in the region. But, based on the results obtained, it can be noted that the basic needs for maintenance, infrastructure, and so on have yet to be improved in the region. In this regard, at the end of the article, recommendations were made aimed at increasing the level of innovative potential of the East Kazakhstan region in the field of tourism.